



Жүсіпбек Аймауытов

Өмірбаяны

Аймауытов Жүсіпбек (1889 – 1931) қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

Туып-өскен жері – Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы. Алғаш ауыл молдасынан сауат ашқан. 1907 жылдан бастап Баянауылдағы орыс мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауылшаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс-қазақ мектебінде оқиды. Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітіреді (1914-1919).





Мұнан соң алашордашылардың істеріне, Семейде «Абай» журналын шығаруға араласады. Сонда Қ.Сәтпаевпен, М. Әуезовпен танысады. Кейін Алашордадан бөлініп, Коммунистік партия қатарына өтеді (1919). Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының, орынбасары болып тағайындалады (1920). Мұнан соң Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторы, Қарқаралыда мектеп мұғалімі (1922-1924), Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі (1924-1926), Шымкент педагогикалық техникумының директоры (1926-1929) қызметтерін атқарады. 1929 жылы Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған.

Шығармашылығы

1917 жылы «Сарыарқа» газетінде «Сарыарқаның сәлемі» деген өлеңі басылды.

Сол жылы «Алаш» газеттерінде «Жазушыларға», «Отағасы», «Ұршық» атты өлеңдері жарық көрді. 1918 жылы «Абай» журналында «Көшу», «Ұран», «Әскер марсельезасы» жарияланды.

Одан кейінгі жылдары «Жәмила», «Тұңғыық түпсіз аспанда», «Ленинге», «Қазақстанның 6 жасқа толған күніне арналған ұран өлең», деген жырлары мен «Нұр күйі» атты поэмасы шықты.





«Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) т.б. ірі ғылыми еңбектері жазылды.

Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған. Бес томдық шығармалар жинағында оның өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасы, «Рабиға», «Мансапқорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалары, көптеген әңгімелері мен «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, балаларға арналған ертекттері, сын мақалалары мен аудармалары енген.



